

## РАЗДЕЛ 3

---

### МЕНЕДЖМЕНТ, МАРКЕТИНГ В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ

*Л.А. Бимендиева, Д. Кистаубаева*

#### ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РОЛІ

«Болашақтың империялары ақыл-ой империясы болады»  
*У. Черчилль, 1943 ж.*

Бүгінгі таңда ең қымбат білім және экономикалық-әлеуметтік дамудың қозғаушысы болып жаңаша ойлай білу, жаңа білім өндіру, ерекше шешім таба алу қабілеті, технологиялар және инновациялар табылады. Осыған байланысты экономикалық дамудың инновациялық типін қалыптастыру Қазақстанның алдындағы басты міндеттердің бірі болып табылады. 2008 жылдың 30 қаңтарында ҚР Президенті Н.Назарбаев «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлектерінің форумында «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын енгізуді ұсынды. Бұл жобаның басты мақсаты жастарды жаңа нысанда тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру. Елбасының айтуы бойынша, жоба үш түйінді кезеңді қамтуы керек. Бірінші кезең білім беру жүйесінің инновациялық дамуына байланысты. Басқаша айтқанда, Қазақстан жастары білімді тек алып қана қоймай, сонымен қатар өздері өндіре алуы да қажет. Жобаны жүзеге асырудың келесі кезеңі, Елбасының пікірінше, ақпараттық төңкеріс, яғни ең жаңа деген ақпараттық технологияларды дамыту және қолдану болуы керек. Жобаны енгізудің үшінші түйінді кезеңі жастардың рухани тәрбиесімен тікелей байланысты. Президенттің көзқарасы бойынша, «жаһандану үрдісінің әсерін ескере отырып, біз оған өзіміздің ұлттық мәдени құндылықтарымызды, жас ұрпақтың рухани қасиеттерін қарсы қоя білуіміз керек» [1].

Білім беруге байланысты ЮНЕСКО «білім берудің төрт тірегі» қалыптастырды. Олар: жасай білу, оқи білу, өмір сүре білу, заманауи әлемде бірге өмір сүре білу.

Салыстырмалы түрде жақын тарихта біздің білім алуымыздың басты мәселесі ақпаратқа деген қолжетімдіксіз болды. Енді жағдай өзгерді. Сарапшылардың есептеріне сүйенсек, 2006 жылы Жер шары бойынша бұрын-соңды жазылған барлық кітаптарда жазылғаннан 3 миллион есе артық ақпарат өндіріліпті. Басылым түрінде бұл Жерден Күнге дейінгі биіктіктегі 12 бума кітап. 2010 жылы бұл шама алты есе ұлғайды. Ақпараттың мұнша көлемінде жоғалып кету оңай.

Сондықтан да қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті сыни ойлау қабілеті бар және ақпараттық ағымдарда бағыт-бағдарын адаспай таба алатын тұлғаларды қалыптастыру болып табылады [2]. Қазақстан тек жергілікті ғана емес, сондай-ақ халықаралық білім алаңында бәсекелесе алатын маман дайындауға талпынады.

Қазақстан Жоғары оқу орындарының алдында зияткерлі ұлт құру мақсатындағы келесідей міндеттерді атап өтуге болады:

1. Сапалы, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау;
2. Халықаралық деңгейдегі материалдарды қолдану арқылы заманауи талаптарға сай ақпарат және біліммен қамтамасыз ету;
3. Теория және тәжірибе интеграциясын қамтамасыз ету;
4. Қазақстан дипломдарының әлемдік деңгейде танымды болуына қол жеткізу.
5. Оқытушы, ғалым және ғылым беделін көтеру.

6. ЖОО студентінің беделін бекіту әрі көтеру, яғни интеллигентті, ұқыпты және іскерлі болашақ маман иесінің имиджін қалыптастыру.

Осы міндеттердің орындалуы мемлекет, жоғары оқу орындары және студенттердің біріккен әрекеттерін талап етеді.

Біздің ойымызша, бірінші міндетті жүзеге асыру үшін Қазақстан алдына қойған экономика және қоғамды дамытуға арналған бағдарламаларын жүзеге асырып, осы индустриалды-инновациялық дамуға қарай алған бетінен қайтпауы тиіс. Осындай бағдарламалардың қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы;
- ҚРдың 2010-2014 жылдарға арналған үдетілген индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы;
- ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясы;
- «Бизнес жол картасы – 2020» жобасы, т.б.

Сондай-ақ техникалық және технологиялық қамсыздандырудың, оқу құралдарының және ақпараттың қол жетімділігін арттыру қажет. Ол үшін ғаламторды қолдану үшін төлем бағасын төмендетіп, оқу залдарында заманауи әдебиет пен периодикалық басылымдардың санын ұлғайту керек. Айта кетерлік жайт, 2009 жылы Қазақстанда ЖОО-ны бітіргендердің 13,8%-ы жоғары арнайы білім (маман), 84,9% - жоғары аяқталмаған (бакалавриат) және тек 1,3% - аяқталған университеттік білім (магистратура) алды. Осылайша, бұл құрылымда ғылымның барлық салаларына, бизнес пен өндіріске арналған және инновациялық бағдары бар алдыңғы қатарлы магистранттар мен специалитеттердің жеткіліксіздігі және еңбек нарығында шамалы сұранысқа ғана ие бакалаврлардың үлкен саны қалыптасқан. Мәселен, Еуропада бакалавр иелеріне деген сұраныс жалпы сұраныстың 5–7%-ын ғана құрайды. Сондықтан бізге магистранттардың саны мен сапасын ұлғайту керек.

Екінші міндетті шешу үшін студенттердің, оқытушы-профессорлық құрамның академиялық ұтқырлығын арттыру қажет, әсіресе, ТМД елдерінің арасында. Осындай халықаралық интеграцияның және білім мен тәжірибе алмасудың айқын мысалы ретінде 2010 жылы бастау алған ТМД елдерінің Жүйелік Университетін (СУ СНГ), биылғы жылдың 27-28 қазанында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде өткен, тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған «Зерттеу университеттерін қалыптастыру және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуындағы рөлі» атты халықаралық форумды атап өтсек болады.

Үшінші міндетті жүзеге асыру мақсатында жоғары оқу орындарында өздерінің түлектерін жұмыспен сәтті қамту үшін бизнеспен ақпарат және тәжірибе алмасу саласында тығыз байланыста болуы керек. Басқаша айтқанда, оқу орнының қабырғалары арасында студенттер мамандықтары үшін барлық қажетті білім мен дағдыларды алып, ЖОО-ны бітірген соң толыққанды маманға қажет барлық талаптарға сай келуі тиіс. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін жұмысберушілердің болашақ кандидаттарға деген талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыратын маман даярлау жүйесін қалыптастыру қажет.

Төртінші міндеттің жүзеге асырылуы Республикамыздың Болон үдерісіне қатысуынан басталып, қазір өзінің жалғасын табуда. Осы және де бесінші міндеттің орындалуы мемлекет тарапынан мықты қаржылық және идеологиялық қолдаусыз қиынға соғады. Біздің ойымыз бойынша, ғалымдар мен оқытушылар беделін көтеру мәселесін тек қана жалақыны өсіру арқылы шешу мүмкін емес. Оларға еркіндік, яғни ғылыми ізденіс, әрекет және әдістер еркіндігін беру керек. Бұл жемісті шығармашылық және ғылыми жұмыс үшін барлық жағдайлармен қамтамасыз ету деген сөз. Қазіргі таңда қазақстандық жоғары оқу орындарындағы оқытушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын толыққанды жүргізуге арналған жағдайлармен қамтамасыз етілмеген. Бұған ЖОО-ларда жүргізілетін ҒЗЖ-ның төмен деңгейі дәлел бола алады. Мәселен, ЖОО-лардың мемлекеттік ғылымға қосқан үлесі Республика бойынша жүргізілген ҒЗТКЖ көлемінің 15-20%-ын ғана құрайды. Сондай-ақ ЖОО-дағы ғылым деңгейіне тым көп студенттер саны да әсер етпей қоймайды: Қазақстан

университеттерінде бір оқытушыға 18 студент келсе, халықаралық стандарттарға сай бұл қатынас 1:6 түрінде болуы тиіс. Мысалға Гарвард университетінде бұл қатынас 7:1 түрінде қалыптасқан әрі көптеген әкімшілік және көмекші персонал да бар [3]. Сондықтан да білім беруді басқарудың заманауи талаптары оқыту-педагогикалық және ғылыми қызметке байланыссыз жұмыстарды атқару үшін арнайы персоналдың санын арттыруды көздейді.

Соңғы міндетке келер болсақ, студенттердің бір-біріне және жалпы университетке деген ізетті мінез-құлқы, ұқыпты сырт келбеті қалыптасуы қажет. Бұл жерде қатаң регламенттер мен шектеушіліктер нәтиже бермейді, себебі студент әлбетте қалыптасқан және өз тандауында ерікті тұлға. Алайда оның өзін Қазақстан жоғары оқу орнының өкілі ретінде, өз мамандығының болашақ кәсіпқойы ретінде ұғынуы оның өз еліне, мәдениетіне және оқу орнына деген құрметін арттыратыны сөзсіз. Сондықтан да жоғары оқу орындарының имиджін көтерумен қатар, оқу орнының қабырғалары арасында жастардың рухани сезімдерін арттыратын ағарту-тәрбиелік жұмыстар үнемі жүргізіліп тұруы тиіс.

Қорытындылай келе, интеллектуалды ұлт қалыптастыру бұл бір жылдық үдеріс емес. Бұл халықтың материалды және рухани дамуының күрделі жүйесі. Интеллектуалды ұлтты атағанда, біз оның салауатты, мақсатты әрі берекелі ұлт сияқты маңызды құрамдастарын ұмыт қалдырмауымыз керек. Бұл ойды өмірге енгізу үшін мемлекет тарапынан, сонымен қатар ғылым, бизнес және жалпы қоғамның біріккен қолдауы қажет. Біз көріп отырғандай, жоғары оқу орындары бұл мәселеде айтарлықтай рөлге ие.

---

1. Елбасы «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын енгізуді ұсынды, 30.01.2008, Астана. "Казахстан Сегодня", <http://www.comport.kz/forum/viewtopic.php?f=6&t=1962>

2. Назарбаев Н.А. «Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее», Лекция Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в КазНУ им. аль-Фараби (Алматы, 13 октября 2009 года), Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты <http://www.akorda.kz>

3. Идрисов А. «Интеллектуальная элита сыграет решающую роль в посткризисном развитии страны», [www.bolashak.kz](http://www.bolashak.kz)

4. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы

\*\*\*

Данная статья посвящена роли и задачам вузов в формировании интеллектуальной нации Казахстана. В статье затрагиваются вопросы по улучшению интеграции между государством, бизнесом и вузами, предлагаются пути повышения статуса ученых, преподавателей и студентов.

\*\*\*

This article focuses on the roles and responsibilities of universities in the formation of intellectual nation of Kazakhstan. The article addresses the issues of improving the integration between government, business and universities, suggests ways to improve the status of scientists, teacher and students.

*Ш.Р. Гапурбаева*

## **РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДЛЯ ЭКОНОМИКИ И ОБЩЕСТВА**

По мере развития общества физическая активность и спорт все шире проникают во все сферы жизни людей, становится все более значимой и неотъемлемой частью жизнедеятельности мировой цивилизации. В настоящее время миллионы во всех странах мира ведут здоровый образ жизни, составной частью которого являются занятия физическими упражнениями и оздоровительной гимнастикой, участие в спортивных соревнованиях. Гигантскими темпами развивается в последние десятилетия и спорт высших достижений, постепен-